

Астық өнімдері жүйесіндегі акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін сату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 6 қарашадағы N 1450

Реформаларды жеделдету мен экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі Үкіметтің іс-қимыл бағдарламасына сәйкес нарықтық қатынастарды қалыптастыру, бәсекелестікті дамыту және жекешелендіру процесін тереңдету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

акционерлік қоғамдардың астық пен астық өнімдеріне аймақтық қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін облыстарға иеленуге, пайдалануға және басқаруға берілген акцияларының мемлекеттік пакеттерін 10 күн мерзім ішінде қайтып алсын;

осы акциялардың мемлекеттік пакеттерін 1995 жылдың 30 қарашасына дейін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сатуды ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін, оның ішінде акцияларды басқаруға алған шаруашылық жүргізуші субъектілерге бірінші кезекте сатуды көздесін.

2. Мыналардың:

"Астық өндіруді нығайту және оны өткізу рыногын кеңейту, облыстарды нанмен және басқа өңделген астық өнімдерімен өзін-өзі қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 15 қарашадағы N 1288 қаулысының 8-тармағының бірінші және үшінші абзацтары, 9-тармағының бірінші және бесінші абзацтарының;

"Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясын қайта ұйымдастыру мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 31 қаңтардағы N 105 қаулысының 2 және 3-тармақтарының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995 ж., N 4. 54-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК